

**№27 И.Тайманов атындағы орта мектебінің
Қамқоршылық кеңесінің отырысы
Хаттамасы № 1**

Күні: 16 қыркүйек 2020 жыл

Қатысқандар- 13

Күн тәртібінде:

1. Қамқоршылық кеңесінің 2020-2021 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту
2. «Мектепке жол» акциясына қатысып, аз қамтылған отбасыларына көмек ұйымдастыру;

Тындалды:

1-ші мәселе бойынша Г.Шаяхметова – қамқоршылық кеңесінің төрайымы сөз алды.

2020-2021 оқу жылындағы өзгерістерге тоқталды. Өткен оқу жылының соңында мектепке жеке кәсіпкерлерден демеушілік көрсетілгендігі туралы айтып өтті. Киім алып бергендер туралы айтты. Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары талқыланды. Қамқоршылық кеңесінің мақсаты: мектеп оқушыларының және мектептегі оқу тәрбие процесіне қолдау көрсетіп, әлеуметтік акцияларға қатыса отырып, қажетті жағдайда материалды қолдау көрсету; Қамқоршылық кеңесінің жалпы жоспарында мектеп оқушыларымен қамқорлық көрсете отырып, аз қамтылған жанұяларға да көмек көрсету, мектепке жол акциясын ұйымдастыруға ат салысу бөлімдерінен тұратындығын айта кетті. Өткен оқу жылындағы қамқоршылық кеңесі жұмысын талқылай келе, осы оқу жылындағы міндеттерге де тоқталып өтті.

Шаяхметова Гүлжан Қамқоршылық кеңесінің 2020-2021 оқу жылына арналған жұмыс жоспарымен таныстырды

2-мәселе бойынша М.Тоқмурзина – қамқоршылық кеңесінің мүшесі сөз алды. Аз қамтылған отбасыларға ұйымдастырылып отырған көмектер туралы айтты.

Қамқоршылық кеңес мүшелерінен қолдау көрсеткен ата-аналарды ерекше атап, алғыс айтты.

Сөйлеушілер:

1. Мектеп директоры: А.С. Косымбаева:

2020-2021 оқу жылын МАД сыныбында -94 бүлдіршін, 1-11 сыныптарда 1272 оқушымен бастадық. Мектебіміз бойынша 755 ата-ана бар. Біздің мектебіміз қашықтан оқу форматына көшуге байланысты «Online Мектеп» компаниясымен келісім шартқа отырды. Тамыз айында ұйымдастыру нәтижесінде, Онлайн-мектепке кіру үшін оқушыларға логин, парольдері берілді. Ересек, мектепалды топтары және жоғары сыныптарда сабақты синхронды форматта оқыту, заманауи мүмкіндіктерді (ZOOM, Skype және т.б) пайдалана отырып, педагогтың ата-аналармен және тәрбиеленушілермен нақты бір уақытта тікелей байланыста болуын көздейді. Мұғалім стримингке шығу үшін сабақтың бір бөлігін көрсете алады, қалған бөлігін бейсинхронды форматта өткізе алады. Сабақтың асинхронды форматы педагогтың ата-аналармен және тәрбиеленушілермен электрондық платформалардың мүмкіндіктері арқылы өзара іс-қимылын білдіреді. Қазіргі кезде қашықтан - 1122 оқушы байланысқа шығып отырса,

кезекші сыныптарда 150 оқушы білім алууда. Сабақ 1-4 сыныптарда ата-аналар өтініші негізінде онлайн және офлайн режимінде ал, 5-11 сыныптарда түгел онлайн режимінде оқытылып жатыр. Оқушылардың мектепте оқуына дезинфекциялық құрал-жабдықтар алынып, санитарлық талаптар сақталып, барлық жағдайлар жасақталған. Мектебімізде медициналық пункт бар және оған қарасты арнайы оқшаулау бөлмесі де жасақталған. Елімізде короновирустық инфекцияның таралуына жол бермеу мақсатында, халықтың өмірі мен денсаулығын сақтау үшін қазір жауапты мекемелер мүмкіндігінше тұрғындарды үйден шықпауға шақырып жатыр. Әсіресе, алдағы 2020-2021 оқу жылында балалардың үйден онлайн оқуы кезінде олардың қауіпсіздігін барынша қамтамасыз ету керек екендігін айта кетті.

Сонымен қатар онлайн оқуға мектептен компьютермен қамтылды.

Күн тәртібіндегі мәселені талқылай келе, Қамқоршылық кеңесінің мүшелері шешім қабылдайды:

1 2020-2021 оқу жылының арналған жұмыс жоспарларын қанағаттанарлық деп ұсынды;

2 Аз қамтылған отбасы оқушыларына қайырымдылық көмек көрсету;

**Қамқоршылық кеңесінің
төрайымы:
Хатшысы:**



**Г.Шаяхметова
М.Габдуллина**